

**Сымбат ИГЛІКҚЫЗЫ,**  
*Ғылыми кітапхана  
Сирек кітаптар, қолжазбалар  
және ұлттық әдебиет  
бөлімінің қызметкері,  
гуманитарлық ғылымдар магистрі*



## СИРЕК ҚОРДАҒЫ 1916 ЖЫЛҒЫ КӨТЕРІЛІСКЕ БАЙЛАНЫСТЫ ДЕРЕКТЕР...

Ғылым Ордасының Ғылыми кітапханасының қорында жүз елуден астам еңбек осы 1916 жылғы көтерілістің жай-жапсарын баяндайды. Бұл еңбектердің 40-тан астамы сирек кездесетін кітаптар қорына, 15-20 шақтысы қолжазбалар қорына, 100-ден астамы ұлттық әдебиеттер қорына жатады. Барлық деректерге тоқталып өту, әрине, мүмкін емес, сондықтан басты құнды деп танылатындарына қысқаша тоқталып өтсек.

1916 жылғы көтеріліс бүкіл халықтың патша үкіметі мен жергілікті үстем тап өкілдеріне қарсы күрескен ұлт-азаттық көтерілісі болды. Мұндай көтерілістер басқа да Орта Азия елдерінде (*Өзбекстан, Түркіменстан, Қырғызстан, т.б.*) өріс алды. Көтерілістің тарихи-әлеуметтік негіздері мен шығу себептері әралуан еді. Оның бірі – патша үкіметінің отаршылдық қысымының күшейіп, соғыс жылдарында еңбекші бұқараны ашықтан-ашық аяусыз талау саясаты болса, екіншісі – патшашылдықтың қазақ даласындағы сүйенер тірегі – қазақ байларының қалың бұқараны айуандықпен қанауы, оған көрсетіп келген қорлық-зорлығы еді.

1916 жылғы көтеріліс – қазақ халқының тарихында аса маңызды қызмет атқарған көтеріліс болды, зорлық-зомбылықтың шарықтау шегі болғандықтан халықтың

көтерілуіне әкеліп соқты. Мұның аяғы қазақ байларының бетпердесін жұлды, буржуазиялық-ұлтшылдардың опасыздығын әшкерелеп, халықтың саяси сана-сезімін көтерді, қазақ даласында тап күресін күшейтті. Осындай оқиғалардың куәсі болып, көрген-білгендерін немесе көрген-білгендерден жазып алғандарын қағаз бетіне түсірген зерттеушілеріміздің еңбектерін атап өтсек дейміз.

Т.Рыскулов, Г.Бройдо «Восстание казахов и киргизов в 1916 году» (*Kazakh and kirghiz uprising of 1916*) – Лондон қаласынан 1989 жылы жарық көрген еңбек. Бұл еңбек үш бөлімге бөлінген, бірінші бөлімінде Historical background (*тарихи анықтама*) берілсе, келесі бөлімдерінде Т.Рыскуловтың «Восстание туземцов Туркестана в 1916 году» және Г.И.Бройдоның «Материалы к истории восстания киргиз в 1916 году» деген еңбектері енгізілген [13,3]. Бұл деректен де құнды болып табылатын осы тақырыпты қамтитын Ф.Н.Киреев пен Ш.Я.Шафионың «Восстание 1916 года в Казахстане» атты 1947 жылы Алматы қаласының «Издательство Академия наук Каз ССР» баспасынан құжаттар мен материалдар жиынтығы болатын [1,4]. Еңбек несімен құнды десек, 200-ге жуық хаттар мен құжаттар және осы көтеріліске қатысқан әр өңірдің батырларының есімдері берілген. Жоғарыдағы атаумен аталатын тағы бір еңбек бар, құрастырушылары С.Шарипов, С.Шафиоро, С.Брайнин, «Восстание 1916 года в Казахстане», 1937 жылы Алматы қаласының «Казгосиздат» баспасынан жарық көрген. Бұл еңбекте көзімен көргендердің айтуынан жазылып алынған әңгімелер және суреттер берілген, сонысымен де бұл құнды құжат ретінде сирек қорда әлі күнге сақтаулы. Қазақстандағы көтеріліс туралы жазылған тағы бір деректер Санжар Асфендияровтың «Национально-освободительное восстание 1916 года в Казахстане» атты «Казахстанское краевое издательство» баспасынан 1936 жылы жарық көрген еңбегі, Г.Л.Мельниковтың «Октябрь в Казахстане» атты 1930 жылы жарық көрген очерктері және И.Чеканскийдің

«Восстание киргиз-казаков и кара-киргиз в Джетысуйском (Семиреченском) крае в июле-сентябре 1916 года» атты тарихи деректер жиынтығынан тұратын 1926 жылы Қызылорда қаласынан басылып шыққан еңбек.

Ал енді Ғылыми кітапхананың сирек кітаптар қорындағы 1916 жылғы көтерілістің басқа елдердегі көріністерін баяндайтын еңбектер де көптеп кездеседі. Мысалы, З.Д.Кастельскаяның «Восстание 1916 года в Узбекистане» атты 1937 жылы Ташкенттен жарық көрген еңбегі, «Восстание 1916 года в Киргизстане» делінген 1937 жылы Мәскеу қаласынан жарық көрген еңбек, Г.И.Бройдоның «Восстание киргиз в 1916 г.» атты Мәскеу қаласынан шыққан 1925 жылғы еңбегі, П.Г.Галузоның «Вооружение русских селенцев в Средней Азии» атты 1926 жылы Ташкент қаласынан шыққан тарихи очеркі, В.Некрасов-Клиодттың «Реквизиция киргиз на тыловые работы в 1916 году» деген 1926 жылы Қызылорда қаласынан жарық көрген очеркі, А.Шестаковтың «15-летие восстание в Средней Азии» деп аталатын Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан елдеріндегі 1916 жылды баяндайтын, 1931 жылы Ленинград қаласында жарияланған кітап, П.Алексеевтың 1931 жылы Ташкент қаласының «Узбекское Государственное издательство» баспасынан жарияланған «Хивинское восстание 1916 года» кітапшасы. Тағы атап кетер болсақ, көтерілісті арқау еткен сирек кездесетін еңбектер жетерлік, ендігі кезекте осы оқиғаға байланысты қандай қолжазбалар сақталған, осы мәселеге келсек.

Ғылыми кітапханаға тапсырушы Мусин Садықтың Жаяу Мұсаның айтуынан жазып алынған 12 беттен тұратын «Далба болысындағы 1916 жыл оқиғасына байланысты Түсіпбек Аманкелдіұлына Мұсаның айтқан сөзі» деген қолжазба. Қолжазба латын әрпінде машинкаға басылған, жөнделген және түпнұсқасы да сақтаулы. Қолжазба мынандай төрт бөлімге бөлінген:

- 1) 1916 жыл туралы.
- 2) Амангелдінің Шорманға жазған хаты.
- 3) Сондағы Жаяу Мұсаның жазған хаты (1916 ж, 20 октябрь).

4) Садуақас туралы.

Бірінші бөлімінде осы кездегі осы болыстағы халықтың басына түскен жайтты баяндап, халық арасынан кімдер шықты, олардың ерліктері жайында қысқаша айтылады. Мысалы кіріспесінде: «1914 жылы Жахан соғысы басталған кезінде 1916 жылы июнь-август айларында қазақ халқынан Романов тұқымы 19 бен 31 жастағыларды әскерлік қатарына шақырып, Баянауыл аймағындағы 4 болыс ел бермейміз деп, қарсы тұрған кезде Нүркіш Шорманов, Әбу Жүсіп Поштаев халық арасына «19-31 жастағыларды қайтсеңде бересіңдер» халыққа қысымшылыққа түсірген. Ақпатшаның әмірін орындаумен бірге көмек беруіміз керек деген. Бұл сөзді естігеннен кейін халық қойдай маңырап, қозыдай шулап, неғыларын білмей сандалып отырғанда 4 болыс елдің адамдары біріншіден, патшаға, екіншіден, Шорман поштайға қарсы шығып, бірінші Долба болысынан Шамақ Көжікейұлы, екінші Ақкелін болысынан Түсіпбек Аманкелдіұлы, үшінші Баянауыл болысынан Жүсіпбек Құдайбергенұлы, төртінші Ақбеттау болысынан Сламбек Иманбекұлы бас қосып, азаматтарды бермекке айналып, 7 көтеріліс жасағанын біліп, Шорманов Павлодардың уезіне қағаз жазып, Павлодардан 60 солдат алдырып, 1 пулеметіменен халыққа қыр көрсете бастаған», – деп баяндап келеді. Келесі бөлімдерінде Аманкелдінің Шорманға жазған хаты туралы айтса, одан соң Жаяу Мұсаның өлеңдете жазған хатында:

Соғысқа шыққан төрт болыс,

Тілге еріп болдың бос.

Шорман тұқымы қансытты,

Алдауға Жүсіпбек сен еріп,

Не керек еді бұл ұрыс.

Тіл алмай текке қан шықты [8,2] – деп өзінің көтеріліске шыққандарды жақтамайтынын білдірген. Осы сұм соғыстың тағы бір көрінісін баяндайтын жинаушы Қ.Қасымбековтың Нияз Ожанов айтуынан 1947 жылы жазылып алынған «1916 жыл туралы» дейтін қолжазба. Қолжазба 34 беттен тұрады, араб әрпінде. Бұл еңбекте не баяндалады дегенде, алғашқы бөлімінде «1916 жылы елден қара малай аларда Нияздың жазғаны» туралы баяндалса, екінші бөлімінде жеті жыл әскерде болып еліне келіп өлген жігітті ана-қарындастарының жоқтауы берілген, кейінгі бөлімдерінде соғыс кезінде бір келіншекке Нияздың шығарып берген өлеңі, «Жайылып малша өскен қазақ надан» дейтін 1916 жыл туралы жазылған өлең, Қарақойын Қаражар көтерілісі туралы әңгіме, Үш ойшыл қиссасы, Қара палуан, Тоқсан би, Өске ақын және Сәдібек би туралы баян етіледі. Осы сынды әр өңірдегі халықтың 1916 жылы көрген өмірінен хабар беретін бірнеше қолжазбалар бар. Мәселен, Құлсариев Ертайдың «1916 жыл туралы» 1939 жылғы араб әрпінде жазылған 17 беттен тұратын қолжазбасы, Есенбаев Сәттің 220 беттен тұратын «Ер Аманкелді» поэмасы, Тұрмағамбет Ізтілеуовтың айтуынан жазылып алынған «Жер жүзін жеті қабат зұлмат басты» дейтін 1916 жылы араб әрпінде жазылған 26 беттен тұратын еңбегі, кітапханаға жинап тапсырған Бозтай Жақыпбаевтың Молда Мықаннан жазып алған «1916 жылы бір жігіттің елге жазғаны» атты қолжазбасы, Мұстақ Сабитовтың «1916 жылы болған көтеріліс» деп аталатын 1937 жылғы араб әрпіндегі қолжазбасы, Қуат Терібаевтың айтуынан Сыдық Бейсәлұлының жазып алған «1916 жылы оқиғасы жайлы» атты қолжазбасы, т.б. атай беруге болады.

1916 жылғы әдебиеттегі қай шығарманы алып қарасақта, көбінесе патшаның 25 маусымдағы майдан жұмысына жігіт алу туралы жарлығына қарсы наразылық, ашу-ызамен қатар, халықтың жалпы қайғылы халі, бұлқынысқа толы кезеңі жырланады. Халық ақындары өз жырларында патша

үкіметінің соғысқа құмар саясатын айыптайды. Халық бұқарасының пікірін қолдай және көркем бейнелей отырып, халық ақындары патшаның қазақ жігіттерін майданның қара жұмысына алуын оларды өлімге айдау, қыру деп білді. Патша саясатының озбырлығын түсінген, одан қысым көрген ел жігіт бергеннен өлген артық деп ұғып, ақындардың да осы идеяны жар сала жырлағаны жоғарыда аталған еңбектерде көрініс береді.

Халық үшін туған таланға,

Дұшпанды салған табанға

Ел қамын жеп қарысып,

Қарсы шапқан қамалға [9,26] – делінгендей, дұшпанын табан астына салған ерлеріміздің ерліктерін жазудан, ұлықтаудан біз жалықпақ емеспіз.

#### *Әдебиеттер:*

- 1 Брайнин С, Шафино Ш. Восстание казаков Семиречья в 1916 году. –Алма-Ата: Казахстанское краевое издательство, 1936. – 90 с.
- 2 Шестаков А. 15-летие восстания в средней Азии. – Москва: Государственное социально-экономическое издательство, 1931. – 40 с.
- 3 Реквизиция киргиз на тыловые работы в 1916 году. – Кызылорда: Издание Общества Изучения Казахстана, 1926. – 16 с.
- 4 Галузо Г. Вооружение русских переселенцев в Средней Азии. – Ташкент: Изд. Ср.-Аз.Комм. Ун-та им. В.И.Ленина, 1926. – 90 с.
- 5 Восстание 1916 в Киргизстане. – Москва: Государственное социально-экономическое издательство, 1937. –168 с.
- 6 Восстание 1916 года в Казахстане. – Алма-ата: Казгосиздат, 1937. – 316 с.
- 7 Рахтанов И. Амангельды Иманов. – Москва: Издательство детской литературы, 1938. – 32 с.

- 8 Байжанов М. Далба болысындағы 1916 жыл оқиғасына байланысты Түсіпбек Аманкелдіұлына Мұсаның айтқан бір сөзі. Қолж. 331-бума, 5 дәп. – 12 б.
- 9 Есенбаев С. Ер Амангелді. Қолж. 743-бума, 2 дәп. – 220 б.
- 10 Белтірік ақын. 1916 жыл туралы. Қолж.438 бума, 1 дәп. - 1950.- 2 б.
- 11 Алексеенков П. Хиванское восстание 1916 года. – Ташкент: Узбекское Государственное Издательство, 1931 – 56 с.
- 12 Восстание 1916 года в Казахстане. – Алма-ата: Издательство АН КазССР, 1947 – 210 с.
- 13 Рыскулов Т, Бройдо Г. Восстание казахов и киргизов в 1916 году (Kazakh and kirghiz uprising of 1916). – Лондон, – 1989. – 256 с.

